

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.248-251

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫНЫҢ ӘСЕРІ

Тлеужанова Д.А., Жами Н.О.

Сол жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сананың ең бастысы – егістік жерлерді тиімді пайдаланып, озат жаңа индустриялық-инновациялық технологиялар негізінде әлемдік нарықта сұранысқа ие экологиялық таза әрі мол азық-түлік өнімдерін өндіру болуы тиіс. Ол үшін бірінші кезекте қолда бар жер ресурстарын, соның ішінде суармалы жер көлемін тиімді пайдалану тетіктері жасалуы қажет. Мемлекеттік бюджетті қалыптастыру көзі салықтарды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі салықтардың ролін анықтау, қазіргі кездегі Қазақстандағы салықтардың жағдайын талдау, олардың мемлекетті бюджеті кірістерін қалыптастырудағы әсер ету тиімділігін бағалау және елдегі салықтық түсімдерді болжау және жоспарлау механизмінің ерекшеліктері мен кемшіліктерін анықтап, оның жетілдіру жолдарын қарастыру, салықтық бақылау органдарының салықтардың толықтығын және уақыттылығын қамтамасыз етудегі қызметтерін және оны жетілдіру перспективасын қарастыру.

Осы мақсаттар негізінде келесі міндеттер қойылған:

- экономикалық категория ретінде салықтардың мәнін ашу, олардың пайда болу алғышарттарын анықтау;
- салықтардың атқаратын қызметтерін, ауыл шаруашылығын қалыптастырудағы ролі мен маңызына сипаттама беру;
- ауыл шаруашылығындағы салықтарды салу проблемаларын қарастыру;
- Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын қалыптастырудағы салықтардың жағдайын талдау;
- ауыл шаруашылығындағы салық салу перспективаларын қарастыру;
- жергілікті бюджеттер деңгейінде бюджеттердің кірістерін қалыптастыруда салықтардың ролін анықтау мақсатымен Ақмола облысы бойынша салық салу проблемаларын салық түсуін экономикалық талдау;
- салықтық түсімдерді болжау және жоспарлау кемшіліктерін анықтау және жетілдіру жолдарын қарастыру.

Қазір қоғамда агорөнеркәсіп кешені нысандарына салық салуды жетілдіру мәселесі қызу талқыланып жатыр. Бүгінгі күні салық салу және салықтардың құрылымы бүкіл әлемге бәсекеге қабілетті болуға ұмтылуға көмек көрсету үшін, тиімділік пен тұрақтылықты ынталандыруы қажет. Ауыл шаруашылығынан түсетін салықтық түсімдер деңгейі төмен және де ол

тек ауыл шаруашылығындағы қайта өңдеуге шоғырланған. Басқа салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылығынан түскен салық соммалары минималды болып табылады. Ауыл шаруашылығының салықтық төлемдері мемлекетке түсетін барлық салықтық түсімдердің шамамен 1 пайызды құрайды [1].

Бүгінгі күнге дейін шағын шаруа қожалықтары мен заңды тұлғаларға бірыңғай жер салығы қолданылып, төлемдерінің мөлшері төмендетілген болатын. Бірақ ол жерден тиімді пайдалануға деген ұмтылысқа қозғау сала алмады. Үкімет жер салығын көтерумен бірге, егістік жерді меншікке не жалға алып, оны мүлде пайдаланбағандарға салықты ондаған есе көбейтіп, тіпті мемлекет иелігіне қайтарып алуды қарастырып отыр.

Пайдаланылмай жатқан жерлердің басты проблемасы – салықтың төмендігінде емес, фермерлер шаруашылығының материалдық-техникалық базасының әлсіздігінде қаржыландырудың жеткіліксіздігінде. Шағын фермерлерге мемлекет бөлген қаржы жетпейді. Сонымен бірге оларға қарызға қаржы табу өте қиын. Егер мемлекет осындай шаруашылықтарға көмектесетін болса, фермерлер шаруашылығының пайдаланылмай жатқан жерлермен байланысты проблемасы шешіледі. Өйткені жер салығының негізгі мақсаты – экономикалық тәсілмен жер қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және бюджетке түсім түсіру арқылы жер қорын сақтау, жердің құнарлылығын, сапасын жақсарту шараларын қаржыландыру [2].

Қай мемлекетте болмасын бюджетке түсетін түсімнің негізгі көзі болып салықтар табылады. Мемлекет экономикасының бірден бір тірегі және дамуының басты тетігі – салық. Сондықтан өркениетті ел ең алдымен салық саясатын сауатты жүргізуге ұмтылады. Салық саясатының ел экономикасындағы рөлін бағалау үшін бірқатар талдау деректерін қарастырған жөн (кесте 1).

1 – кесте. Негізгі макроэкономикалық индикаторлардағы салықтар рөлі

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Жалпы ішкі өнім, млрд.тг	37 085,3	40 754,8	40 761,4
Кірістер, млрд.тг	5 179,4	5 908,8	6 136,9
Салықтық түсім, млрд.тг	4 779,0	5 115,7	4 883,9
ЖІӨ кірістер үлесі, %	13,9	14,5	15,1
ЖІӨ салықтық түсімдер үлесі, %	12,9	12,5	11,9

Ескерту- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған.

Қазір елімізде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 1 370 болса, оның 60-қа жуығын ірі кәсіпорындар құрап отыр. Сонымен бірге, тамақ өнімдеріне кіретін негізгі кәсіп астық өңдеу, сүт, нан және нан өнімдері,

жеміс-жидек, май өнімдері, етті қайта өңдеу салалары болып табылады. Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу мен тамақ өнеркәсібі өнімдерін өндіру көлемі 2012 жылы 830 млрд. теңгені немесе 5,5 млрд. долларды құраған. Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу республикалық өнеркәсіп өндірісінің 5 пайызын және қайта өңдеу өндірісінің 16 пайызын құрайды. Отандық ауылшаруашылық өнімдерін өткізуге кедергі келтіріп отырған негізгі мәселелердің бірі – шикізат тапсырушылар қосымша құн салығын төлемейді, есесіне бұл қайта өңдеушілер үшін тиімсіз. Ал бұл экономиканың маңызды саласын дамытуға тікелей кері әсерін тигізуде. Атап айтсақ, ҚҚС жеңілдіктері тізіміне қант өндіру, сүтті қайта өңдеу, теріні алғашқы өңдеу саласы т.б. кірмей қалған.

Өңдеушілер шикізаттың 90%-ын ауыл шаруашылығынан шаруа қожалықтарынан сатып алады, ал олар қосылған құн салығынан босатылған. Ал дайын өнімнің бағасының 50% -ын шикізат құны құрайды. Қазақстанның азық-түлік рыногында шетелдің, әсіресе, ресейдің тауарлары өте көп. Ал, біздің қайта өңдеу саласы әзірше бәскелестікте жете алмай отыр. Үкімет тарапынан қосымша құн салығынан босату немесе оны екі есе жеңілдету туралы қолдау көрсетілетін болса, қайта өңдеу саласы біраз түзеледі. Екіншіден, тұтынушылар сатып алатын азық-түлік бағасы арзандайды [3].

Ауыл шаруашылық өнім өндірушілері үшін салық ауыртпалығын төмендету олардың қызмет ету тиімділігіне оң әсерін тигізбейтінін айтып өткен жөн, өйткені салық ауыртпалығы жоғары, жалпыға белгіленген тәртіп бойынша салық төлейтін бизнес субъектілері өз қызметінен барынша пайда алуға тырысады. Әрине, бұл салық жеңілдіктерін пайдаланудан мүлдем бас тарту қажеттілігін растамайды, бірақ салық жеңілдіктерін беру арқылы ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына қамтамасыз ету мүмкін емес. Көптеген шет елдердің тәжірибесінде ауыл шаруашылығындағы салық жеңілдіктері ауыл шаруашылық кәсіпорындарының техникалық инновациясын енгізуді жеделдетеді. Мысалы, АҚШ фермерлері өндірістің басымдылықты бағыттарына инвестицияланған табысының 25%-на дейін салықтан босатылуы мүмкін [4].

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында жерді пайдалану тиімділігінің және оның сапасының нашарлау процесі үдемелі сипат алуда. Бұл көптеген себептерден болады, оның ішінде табиғи ресурстарды пайдалануды экономикалық бағалау сұрақтарынан тәуелді болады. Ауыл тауар өндірушілері деңгейінде экологиялық - экономикалық тиімділікті анықтауға көңіл бөлу керек, ал бұл жер-табиғи потенциалдың сақталуына бағытталған экологиялық интенсификациямен байланысты. Ауыл шаруашылық өндіріс процесі тек өнім өндірісімен емес қажетті экологиялық жағдайды қамтамасыз етумен аяқталуы керек [5].

Көптеген жеке және заңды тұлғалар салықтан жалтарырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану арқылы салық жүйесінен тысқары қалып жатады. Көп жағдайларда, олардың қызметі салық органдарына байқалмайтын болғандықтан, олар салық төлеуден жалтарынып отырады. Бұл субъектілер

күрделі және ауыртпалығы көп салық жүйесінде салық заңнамасын толық сақтамайды.

Осы проблемаларды шешу мақсатында көптеген елдер ерекше салық режимін пайдалануға көшті, атап айтқанда субъектілерден салықтық түсімдерді алудың айқындалған әдісі ретінде қарастырылатын жүктелме(вмененный) салық салу. Салық салудың аталған әдісінде салық базасы салық төлеушілердің өздерінің жасаған есептерінің негізінде емес, жасыруға мүмкін болмайтын көрсеткіштер негізінде есептелінеді

Осының барлығы бүгінгі күні ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін ынталандырмайды. Сондықтан келесілерді ұсынуға болады:

а) ауылшаруашылық тауарөндірушілерін жер салығынан басқа салықтардан босату және салық соммасын жер құнарлығымен жерді жақсартуға жұмсалған соммаға азайтқан жөн;

б) аграрлық өнеркәсіптік кешендері кәсіпорындарының салық салу базасын азайту;

с) айналым қорларын толықтыруға жіберілген табыс бөлігін салық салудан босату;

д) ауылшаруашылығындағы өнім өндірудің маусымдылығына байланысты, ауылшаруашылығының және қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін салықтармен міндетті төлемдерді төлеу мерзімін жылдың төртінші тоқсанында жүзеге асыру.

Әдебиет тізімі

1. К.Ш. Алпысова, Салықтық түсімдерді бюджетаралық бөлу мәселелері //Қаржы-Қаражат, -2014 ж N 1,- 41 бет

2. А.С.Бақтияров, Салық – бюджет негізі //Қаржы-Қаражат, - 2014 ж N 2,- 36 бет

3. Глеужанова Д.А., Кадринов М.Х., Матайбаева Г.А., Мукашева Г.М. Ауыл шаруашылығына салық салу ерекшеліктері // С.Сейфеллин атындағы ҚАТУ жаршысы №3 2016 ж

4. Khan, MN. [Agricultural taxation in developing countries: a survey of issues and policy](#) [Электрон. ресурс]. - Mart–Agricultural economics - 2001. Том: 24 Выпуск: 3 Стр.: 315-328

5. Abbott E.A., Mironova G.L. [THE UNITED STATES “LAND GRANT” AGRICULTURAL UNIVERSITY SYSTEM.](#) [Аграрный вестник Урала.](#) 2014. № 1 (119). С. 94-96. //elibrary.ru/item.asp?id=21681393